

Қаздар ұшу кезінде

Бірге жиі ұшатын қызылжемсаулы қарашақаз бен ақмаңдай қазды күндізгі уақытта оңай ажыратуға болады.


Қызылжемсаулы қарашақаз анағұрлым кіші. Кеудесі, қанаттары мен құйрығы қара (1), құрсағы ақ (2), мойны қызыл түсті (3).

Ақмаңдай қаз ірірек, ашық бояулары аз. Кеудесі мен қанаттарының төменгі жағы сұрғылт-қоңыр (4), құрсағында үлкен әркелкі жолақтары бар (5). Жас қаздарда қара дақтары болмайды, құрсағы мен кеудесі ашық қоңыр (кейде тіпті ақ болып көрінеді).



Қызылжемсаулы қарашақаз Ақмаңдай қаз

Адамдар аңшылыққа көбінесе бұлыңғыр ауа райы кезінде шығады, сондықтан тұман немесе жауын-шашын кезінде құстардың түсін ажырату қиынға соғады. Бұндай жағдайда құстың түрін кескініне қарап анықтауға болады. Жалпы ақмаңдай қазбен салыстырғанда қызылжемсаулы қарашақаздың денесі кішкентай, мойны қысқа (6), қанат құлашы да кішірек болады (7).



Қызылжемсаулы қарашақаз

Қаздардың екі түрі де ұшу кезінде дауыс шығарады, бірақ қызылжемсаулы қарашақаздың дауысы жұмсақ әрі "ки-квик" ретіндегі қос ысқырық сияқты естіледі.

Қызылжемсаулы қарашақаз әдетте ақмаңдай қаздардан бұрын көлдерді тастап, қоректену алқаптарына кетеді. Алайда кей кезде қаздардың осы екі түрі бір топқа қосылып кете береді. Абайсыздан қызылжемсаулы қарашақазды атып тастамас үшін, осындай араласқан қаздар топтарын атпаңыз!

Шиқылдақ қаз ақмаңдай қазбен де бірге араласқан топтарда ұшады. Қаздардың осы екі түрін ажырату өте қиын, сондықтан олардың дауысы мен дене өлшеміне назар аудару қажет. Ұшып бара жатқан құстар тобында дене өлшемі басқаларға қарағанда кішірек көрінетін құстарды атпаңыз, және де топ арасында қорғалатын түрлердің жоқтығында күмәніңіз болса, атуды тоқтатыңыз.

Жақын жерден қарағанда шиқылдақ қаздың көзінің айналасында сары сақинасы бар, ақмаңдай қазда ондай жоқ (1); шиқылдақ қаздың басындағы ақ дағы кезінен асады, ал ақмаңдай қазда ол тұмсығының айналасында ғана болады (2). Екі түрдің жас қаздарында ондай ақ дақтар жоқ, алайда жас шиқылдақ қаздардың көз айналасында сары сақинасы болады. Сонымен қатар ақмаңдай қазға қарағанда шиқылдақ қаздың мойны мен денесі қысқарақ, тұмсығы үшбұрыш пішінді болады (3).



Шиқылдақ қаз

Ақмаңдай қаз

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңына және 2015 жылғы 27 ақпандағы Аң аулау қағидаларына сәйкес:

- Қаздар, үйректер және басқа суда жүзетін құстарды қыркүйектің алғашқы сәнісінен бастап 30 қарашаға дейін (солтүстік өңірлер бойынша), 15 желтоқсанға дейін (оңтүстік өңірлер бойынша) аулауға рұқсат берілген;
- ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетінің 2016 жылғы 24 қарашадағы бұйрығына сәйкес 16 ақпан мен 14 маусым аралығында аң аулауға тыйым салдынады, әрбір аңшы тәулігіне бір түрдің 5 данасынан артық аулауы тиіс (кәсіпшілік аң аулаудан басқа).
- Өсімді молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарында аң аулауға тыйым салынған;
- Аңшы күәлігінсіз және аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз аң аулауға тыйым салынған;
- Кез келген көлік құралдарын пайдаланып аң аулауға тыйым салынған;
- Егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қорында аң аулауға тыйым салынған;
- Елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтар айналасындағы үш шақырым радиуста аң аулауға тыйым салынған;
- Күйзелісті және дерменсіз жағдайдағы жануарларды (оның ішінде жусанды паналаған суда жүзетін құстарды) аулауға тыйым салынған;
- Қорғалатын түрлерді атқан жағдайда сот шешіміне қарамастан талап-арыз төленеді: қызылжемсаулы қарашақаз – 200 АЕК, шиқылдақ қаз – 100 АЕК; сонымен қатар, міндетті түрде қылмыстық іс қозғалады.

Құрметті аңшылар!

Егер сіз сақинасы немесе басқа белгісі бар құсты кездестірген не ұстап алған болсаңыз, бізге немесе орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі облыстық территориалды инспекциясына келесі мәліметтерді хабарлауыңызды сұраймыз: құстың түрі, сақина/белгі нөмірі, белгінің түрі мен түсі (фотоға түсірсеңіз тіпті жақсы), кездестірген орын мен уақыт. Біз сізге құстың қайда және қашан белгіленгенін айтып береміз. Бұл ақпарат суда жүзетін құстарды сақтау және көші-қонын зерттеуде өте маңызды!

Мекен-жайымыз:

Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы (ҚБСА)
Бейбітшілік көшесі, 18 үй, 406 кеңсе,
Нұр-Сұлтан қаласы, 010000
Тел: +7 (7172) 91 00 44, +7 (7172) 32 22 65
acbk@acbk.kz, www.acbk.kz

Буклет Еурокомиссияның LIFE (LIFE16/NAT/BG000847) бағдарламасына қарасты «Қауіпсіз ұшу жолы» халықаралық жобасы шеңберінде шығарылды. Жоба үйлестірушісі – Болгария құстарды қорғау қоғамы.

Жоба серіктестері:



ҚАЗДАРДЫҢ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖӘНЕ АУЛАУҒА БОЛАТЫН ТҮРЛЕРІ

Аңшыларға көмек



www.acbk.kz

Жыл сайын көктем мен күз мезгілінде солтүстік Қазақстан көлдері арқылы миллиондаған суда жүзетін құстар ұшып өтеді. Олардың арасынан аулауға болатын келесі түрлер кездеседі: ақмаңдай қаз, сұр қаз, барылдауық үйрек, боз үйрек, сарыайдар үйрек, қылқұйрық, жалпақ-тұмсық, даурықпа шүрегей, қызылтұмсық сүңгуір, қызылбас сүңгуір, айдарлы сүңгуір және т.б. Алайда осы құстармен бірге халықаралық деңгейде қорғалатын, Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген түрлер де ұшып жүреді, олар – қызылжемсаулы қарашақаз, шиқылдақ қаз, алакөз сүңгуір, ақбас үйрек және т.б. Көші-қон кезінде топталған құстардың ішінде негізінен қаздардың 4 түрі кездеседі, олардың екеуі (шиқылдақ қаз бен қызылжемсаулы қарашақаз) қатаң түрде қорғалатын түр болып есептеледі – оларды аулауға тыйым салынған! Қырманқаз және ақбет қарашақаз сияқты басқа да түрлердің ұшып келуі әбден мүмкін. Қаздар – жиі ауланатын аңшылық нысаны, байқаусыздан сирек кездесетін құсты атып тастамас үшін, оларды бір-бірінен жақсы ажырата білу қажет.



Сұр қаз

Қаздардың ішінде ең ірісі. Дене ұзындығы 90 см-ге дейін, қанат құлашы 180 см-ге дейін жетеді. Сұрғылт қоңыр түсті; ұшқан кезде ірі денесінен, ашық-сұр қанаттары мен үй қазына ұқсас шығатын қатты даусынан тануға болады.

Қазақстанның барлық аумақтарында ұялау немесе көші-қон кезінде кездеседі, тек суыс аудандар мен Тянь-Шань таулары мекендемейді. Оңтүстікке ақпанның соңы мен наурыздың басы аралығында ұшып келсе, солтүстікке наурыздың ортасынан бастап сәуірдің ортасына дейінгі аралықта жетеді. Ондаған немесе жүздеген құстар болып жиналып, бірге ұшады. Күзгі көші-қон қыркүйек-қазан айларында басталып, су алқаптарын мұз басқанға дейін созылады.

Аулауға рұқсат берілген



Ересек

Жас

Ақмаңдай қаз

Ірі денелі қаз, бірақ сұр қаздан кішірек. Дене ұзындығы 78 см-ге дейін, қанат құлашы 165 см-ге дейін жетеді. Түсі сұрғылт қоңыр, алайда сұр қазға қарағанда реңі қою. Тұмсығының айналасы мен маңдайы ақ түсті.

Ресейдің арктикалық тундраларында ұялайды. Көші-қон кезінде үлкен топтардың құрамында кездеседі, жалғыз немесе кіші-гірім топтар құрамында өте сирек ұшады. Оңтүстікке наурыз айында ұшып келеді, сәуірде солтүстікке дейін жетеді. Негізгі көші-қон маусымы сәуірдің екінші жартысында-мамырдың басында байқалады. Күзде қыркүйектің екінші жартысынан қазанның соңына дейін қоныс аударады. Қазақстанда қыстауға қалмайды. Аталмыш түрдің үлкен топтары Қостанай облысының Русский және Казахский Жаркөл, Талдыкөл, Мамыркөл көлдерінде және Ақмола облысының Құбыкөл көлінде жиналады.

Аулауға рұқсат берілген



Ересек

Жас

Шиқылдақ қаз

Ең кішкентай қаздарымыздың бірі. Дене ұзындығы 66 см-ге дейін, қанат құлашы 135 см-ге дейін жетеді. Түсі ақмаңдай қазға ұқсас. Ұшу кезінде шиқылдақ қаздың мойны ақмаңдай қазға қарағанда қысқа әрі қаралау, қанаттары ұзынырақ көрінеді, құрсағындағы қара дақтары да аз болады.

Сібір мен Скандинавияда ұялайды. Көші-қон кезінде Қазақстанның солтүстігі арқылы ұшып өтеді. Далада дөңді өсімдіктермен қоректеніп, көлдерде тынығады. Көктемгі көші-қон сәуірдің ортасынан мамырдың басына дейін болса, күзде қыркүйектің ортасы мен соңынан бастап қазанның соңына дейінгі аралықта қоныс аударады. Қазақстанда қыстауға қалмайды. Шиқылдақ қаз да ақмаңдай қаздармен араласып, кейде ондаған құстардан құралған кіші-гірім топ болып ұшады. Қазақстандағы аса маңызды тоқтау орындары қызылжемсаулы қарашақазбен бірдей. Бұл түр қатерлі деген дәрежеде Халықаралық Қызыл кітапқа және Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген.

Аулауға тыйым салынған



Қызылжемсаулы қарашақаз

Аталмыш төрт қаздардың ішінде ең кішкентайы. Дене ұзындығы 56 см-ге, қанат құлашы 135 см-ге дейін жетеді. Қызыл-қара түсті денесін ақшыл дақтар мен жолақтар басқандықтан, бұл құс көзге оңай түсіп, жақсы ажыратылады. Арктикалық тундрада ұялайды. Қазақстанның солтүстігі арқылы Каспий теңізінің жағалауына жетіп, әрі қарай Қара теңіз жағалауында қыстауға тоқтайды. Қыстау орындарына жету үшін 6000 км арақашықтықты ұшып өтеді. Көктемгі көші-қон кезінде Қазақстан бойынан наурыздың соңы-сәуірдің ортасынан бастап мамырдың басына дейін кездеседі. Күзде қызылжемсаулы қарашақаз қыркүйектің соңынан бастап қазанның басына дейінгі аралықта ұшып өтеді. Бұл түрдің ең үлкен

топтары Қостанай облысының Талдыкөл, Мамыркөл, Шоғыркөл және Қайбағар көлдерінде, сонымен бірге Солтүстік Қазақстан облысының Құмдықөл, Балықты, Ұзынкөл, Менгесер көлдерінде және Майбалық су жайылымында анықталған. Бұл түр қатерлі деген дәрежеде Халықаралық Қызыл кітапқа және Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген.

Аулауға тыйым салынған

Ақмаңдай қаздардың арасындағы шиқылдақ қаз



Суреттер Виктор Васильев

